



БҰЙРЫҚ

2025 ж. 26 тамыз

Алматы қаласы

ПРИКАЗ

№ *03*

город Алматы

2025-2026 оқу жылында студенттер жатақханасында орындарды бөлу тәртібі туралы

2025 жылдың 30 маусымында өткізілген Ғылыми кеңес мәжілісінің №12 хаттамасына сәйкес және Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрінің 2023 жылғы 9 қарашадағы №571 бұйрығын негізге ала отырып
БҰЙЫРАМЫН:

1. 2025-2026 оқу жылына Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясының студенттік жатақханасындағы орындарды бөлу тәртібі келесідей бекітілсін:

1) жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалардың, сондай-ақ кәмелетке толғанға дейін ата-анасынан айрылған немесе ата-анасының қамқорлығынсыз қалған жастардың қатарындағы Қазақстан Республикасының азаматтарының, бірінші және екінші топтағы мүгедектігі бар адамдар, бала кезінен мүгедектігі бар адамдар, мүгедектігі бар балалар;

2) үшінші топтағы мүгедектігі бар адамдар, біреу немесе екі ата-анасының мүгедектігі бар адамдар, асыраушысынан айырылу жағдайы бойынша мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақы алатын адамдар, мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек алатын адамдар, жеңілдіктер бойынша Ұлы Отан соғысының ардагерлеріне теңестірілген ардагерлердің, ауылдың әлеуметтік-экономикалық дамуын айқындайтын білім беру бағдарламалары бойынша оқуға түскен ауыл жастары арасынан шыққан адамдар, сондай-ақ қандастар;

3) «Мәңгілік ел жастары – индустрияға!» («Серпін – 2050») жобасы шеңберіндегі білім алушылар;

4) «Алтын белгі» иегерлері болып табылатын бірінші курсқа қабылданған білім алушылар, Президенттік, халықаралық және республикалық олимпиада және/немесе конкурс жеңімпаздарының немесе жүлдегерлерінің сертификаттары негізінде білім алушылар, сондай-ақ оқу орнын үздік бітірген, оның ішінде растайтын құжаты бар (куәлік, аттестат, диплом) талапкерлер;

5) ұлттық бірыңғай тестілеу немесе кешенді тестілеу қорытындылары, білім беру ұйымы өткізген қабылдау емтихандары немесе тестілеу түрінде өткізілген қорытынды бағалау нәтижелері негізінде оқуға қабылданған білім алушылар, бірінші курстың қорытындысы бойынша оқу орнында оқу үлгерімі

000317

жоғары білім алушылар. Ұлттық бірыңғай тестілеу немесе кешенді тестілеу қорытындылары, оқуға қабылдау емтихандарының немесе қорытынды бағалаудың нәтижелері бойынша тең балл жинаған кезде Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 25 қаңтардағы №64 қаулысымен бекітілген Мемлекеттік білім беру ұйымдарында мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек алуға құқығы бар отбасылардан, сондай-ақ мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек ала алмайтын, жан басына шаққандағы табысы ең төменгі күнкөріс деңгейінің шамасынан төмен отбасылардан шыққан білім алушыларды мен тәрбиеленушілерге немесе жетім балаларға, ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға тұратын балаларға, төтенше жағдайлардың салдарынан шұғыл жәрдемді талап ететін отбасылардан шыққан балаларға және өзге де санаттағы білім алушылар мен тәрбиеленушілерге қаржылай және материалдық көмек көрсетуге бөлінген қаражатты қалыптастыру, жұмсау бағытты мен оларды есепке алу қағидаларына сәйкес білім алушының басымдық құқықтары ескерілсін;

6) оқу, ғылыми және қоғамдық жұмыста жоғары нәтижелері бар жоғары курс білім алушылары;

7) ЖООКБҰ-ның өзге де білім алушыларына, сондай-ақ Алматы қаласында тұрақты тіркеуде тұрған студенттерге, Алматы қаласының әкімшілік шекарасынан 35 (отыз бес) шақырымға дейінгі аумақта тіркеуде тұрған студенттерге, әлеуметтік осал топқа жатпайтын 4-курс студенттеріне және әлеуметтік топқа жатпайтын, ақылы негізде білім алатын студенттерге жатақханадан орын беру тек бос орын болған жағдайда, әлеуметтік-тәртіптік комиссиясының шешімі негізінде жүзеге асырылсын.

2. Осы бұйрықтың орындалуын қадағалау Әлеуметтік тәрбие жұмысы және жастар саясаты қызметінің басшысы Ж.Ж. Ысқақовқа жүктелсін.

Негізі: Әлеуметтік тәрбие жұмысы және жастар саясаты қызметінің басшысы Ж.Ж. Ысқақовтың 2025 жылғы 25 тамыздағы №1 қызметтік хаты.

Ректордың м.у.а.



Н. Кулданов

Келісілген:

Академиялық мәселелер
жөніндегі проректор



Ғылыми-инновациялық қызмет, шығармашылық
даму және халықаралық ынтымақтастық жұмыстар
жөніндегі проректор



Бас есепші



Заң секторының басшысы


